

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**  
(білім беру үйымының атауы)

**Ақтөбе қаласы**  
(корытынды жасалған жер)

**«03» мамыр 2022 жыл,  
15 сағат 00 минут**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Занын (бұдан әрі - Зан) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру үйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығын (бұдан әрі - Бағалау критерийлері) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы I жарты жылға бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру үйымдарының тізбесі негізінде, 2022 жылғы 7-10 ақпан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып 21.02.2022 жылғы №36 н/к бұйрықпен кемшіліктерді жою туралы қорытынды берілген. 2022 жылғы 7-10 ақпан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынын мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген қорытындыдағы бұзушылықтарды жою туралы 15.02.2021 жылғы №22 хатпен ұсынған есебі келесі құрамдағы комиссиясымен қаралды:

1. Куртеков Ербол Ерболатович – Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы;
2. Бердимуратова Райхан Амангелдиновна – «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№25 «Ерке» балабақшасы» МКҚҚ, менгеруші, комиссия мүшесі;
3. Кусаинова Гульнаز Ерниязовна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№3 «Ертегі» балабақшасы» МКҚҚ, менгеруші, комиссия мүшесі;
4. Тлеуова Роза Жолбаевна – «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№30 «Үрпак» балабақшасы» МКҚҚ, әдіскер, комиссия мүшесі;
5. Шегембаева Жамиля Доскаеровна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «Заречный тұрғын алабы мектеп- бала бақша кешені» КММ, әдіскер, комиссия мүшесі.

Комиссиямен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

**2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

<b>2)</b>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде:</p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдардағы аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған күжаттарды зерделеу барысында “Шұғыла” бөбекжай - бақшасының мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, руханиадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Аталған міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген.</p> <p>2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрүғымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.</p> <p>Денсаулық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы, кіші жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылдарда үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда жұмыс жасағаны анықталды.</p> <p>Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптарды негізінде тәрбиешілер және музика жетекшісінің жоспарлары стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма жазғандары да анықталды.</p> <p>Ағымдағы оқу жылдарының перспективалық жоспарға сәйкес циклограммалары ұсынылған. Барлық топтың циклограммалары</p>
-----------	---

талапқа сай ашылып жазылған. Педагогтар циклограмма жазуда талапқа сай жұмыс жасалған. Циклограммада көрсетілген ойындар картотекамен белгіленген. Сол сияқты серуенді үйымдастыру толық жазылған. Серуенді үйымдастырудың бес мазмұны толық көрсетілген. Бақылау, еңбек, қимылды ойын, жеке жұмыс, өз бетінше ойындар үйымдастырылған.

Тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын жасау бойынша «Шұғыла» бөбекжай-бақшасының психологы Т.В. Койбагарованаң жылдық жұмыс жоспары бекітілген, зерделеуге қажетті жүргізілген жұмыстарының материалдары ұсынылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оку қызметіне дайындау бойынша бейне сабактарға жүргізілген зерделеуде үйымдастырылған оку қызметі барысында әртүрлі топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Айта кетсек, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Үйымдастырылған оку қызметі бойынша тәрбиешілердің бейне сабактары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оку-тәрбие процесін үйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінәра ұстанатының көрсетті. Педагогтердің бейне сабактары оку-тәрбие жоспарында бекітілген білім салалары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім беру салалары бойынша берілген.

Педагогтың тәрбиеленушілермен жоспарланатын жұмыс түрлерінде шығармашылықты, коммуникабельділікті, сынни ойлауды және командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру бағытында 4 К моделіндегі дағдылар ойын тапсырмаларында және үйымдастырылған оку қызметтерінде де қарастырылған. **Ағымдағы оку жылының циклаграммалары ұсынылған, толық ашылып жазылған.**

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шенберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: жүргізілген жұмыстың құжаттары ұсынылған. Топ бөлмелерінде өлкे тану бұрыштары жасақталған. Сонымен қатар, өткізген материалдары да бар. **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып, бекітілген, жұмыстары, фото есептерімен берілген.**

Балабақшада баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібінің бекітілген құжаты ұсынылған. Менгерушімен бекітілген және сағаттары мен жас

	ерекшеліктерін сақтау Әдістемелік нұсқау хаттарға сәйкес жасалған.
	<p><b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b></p> <p>1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрығымен бекітілген (<i>ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бүйрығымен өзгерістер болған</i>) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты» 1-қосымша, 2 - тарауының 5-тармағы, 7), 8) - тармақшаларының талабына сәйкес келеді.</p>
3)	<p><b>МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында бейнематериалдары бойынша «Шұғыла» бебекжай-бақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды.</p> <p>Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Топ бөлмелері ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: сюжеттік рөлдік ойындарға арналған құралдары (дүкен, шаштараз, шеберхана және т.б.), тірі табиғат мүйісі, табиғат бұрышы, шығармашылық бұрышы (боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер), өлкетану бұрышы, денсаулық бұрышы (сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, маскалар, дамытушы ойындары және т.б.), Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, лепбуктер, дидактикалық және үлестірмелі материалдар кең көлемде естетикалық талаптарға сай безендірілген.</p> <p>Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының 6) тармақшасы негізге алынған.</p> <p>Осылайша, «Шұғыла» бебекжай-бақшасындағы заттық-дамытушы орта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді.</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бойынша білім беру салаларына жүргізілген зерделеу барысында анықталғаны:</p> <p>1. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған, жас ерекшеліктеріне сай қажетті жағдайлар жасалған. Заманауи спорттық қуралдар, дөнгелек шарлар,</p>

	<p>кубиктер, жалаушалар, доғалар, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, секіруге арналған ұлкен доптар, аяқта арналған түрлі массаждық кілемшелер, қымылды ойындар жиынтығы жеткілікті денгейде жинақталған.</p> <p>2. «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты, сюжетті ролъді ойындар толық қамтылған (шаштараз, дәріхана, дүкен, ролъдік ойындар);</p> <p>3. «Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада театрланған қойылымға арналған сахна, әр түрлі ертегі кейіпкерлері, атрибуттары, маскалар жинақталған.</p> <p>4. «Таным» білім беру саласы бойынша түрлі сенсорикалық ойын құралдары, құрастыруға арналған құрылым материалдары, текшелермен жабдықталған;</p> <p>5. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша «Ұлттық бұрыштар», «Табиғат бұрышы», «Тірі табиғат мүйісі» бұрышы, «Театр бұрыштары» «Жолда жұру ережелері» бұрыштарымен жабдықталған.</p> <p>Жабдықтар мен ойыншықтардың талапқа сәйкестік сертификаттары туралы мәліметтер білім беру үйімімен ұсынылған. Жалпы білім беру үйімі бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жабдықтар мен жиһазға (тек жалпы жиһаздар туралы мәлімет ұсынылған) жүк күжаттардың көшірмелері қоса берілген, сәйкесінше жабдықтар мен жиһаздарды осы білім беру үйімінің негізгі құралдарына жататынын дәлелдейтін мәліметтер ұсынылған.</p>
	<p><b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының 6) тармақшасы талаптарына сәйкес келеді.</p>
4)	<p><b>МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.</b></p>
	<p><b>Талдау нәтижелері:</b> Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу келесі көрсеткіштерді анықтады:</p> <p>2017-2018 оқу жылында педагогтар саны 17, жоғары білімді -7, орта арнаулы білімді -10, оның мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша 5 педагог жоғары білімді, 7 педагог орта арнаулы білімді бітірген.</p> <p>2018-2019 оқу жылында педагогтар саны 17, жоғары білімді-7, орта арнаулы білімді-8, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша жоғары білімді-7, орта арнаулы білімді-6 педагог.</p> <p>2019-2020 оқу жылында педагогтар саны 17, жоғары білімді 9,</p>

орта арнаулы білімді 8, мектепке дейінгі тәрбиелу мен оқыту бойынша жоғары білімді-7, орта арнаулы білімді -6.

2020-2021 оку жылында педагогтар саны 20, жоғары білімді 10, орта арнаулы білімді 10.

2021-2022 оку жылында педагогтар саны - 20. Оның ішінде: 1 психолог; 1 ән жетекшісі; 1 менгеруші; 1 әдіскер; тәрбиешілер саны 16.

Педагогтардың білімі бойынша анықталғаны: 10 педагог жоғары білімді, 10 педагог арнаулы орта білімді. Мектепке дейінгі тәрбиелу мен оқыту мамандығы бойынша 8 педагог жоғары білімді, 7 педагог арнаулы орта білімді бітірген.

Педагогтардың санаты бойынша: 3 педагог жоғары санатты, 5 педагог –бірінші санатты, 8 - екінші санатты, санаты жоқ- 4 педагог. Педагогтардың санаты бойынша сапалық құрамы-40%

Педагог- зерттеуші-1, (5%), педагог сарапшы-2 (10%) құрайды.

Оку жылдары	Педагогтар саны	Білімі		Санаты						
		Жоғары білім	Арнаулы орта білім	жоғары	I	II	Модератор	Зерттеуші	Сарапшы	
2017-2018 оку жылы	17	7	10	-	8	6				
2018-2019 оку жылы	17	9	8		8	5				
2019-2020 оку жылы	17	9	8	3	5	8				
2020-2021 оку жылы	19	9	10	3	5	8	0	0	0	
2021-2022 оку жылы	20	10	10	3	5	8		1	2	

Осылайша, мектепке дейінгі үйымдар басшыларының, әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің жалпы санынан "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік

	<p>және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 75% құрайтыны анықталды.</p> <p>2 тәрбиешінің (Бондаренко Г., Курманбаева А.) диплом бойынша мамандығы - бастауышта білім беру, бұл тәрбиешілердің С.Байішев атындағы Ақтөбе университетінің 2 курсында оқытындықтары туралы анықтама ұсынған (хат шығыс №982 8.12.2021ж, №983 08.12.2021ж көширмелері ұсынылған). Кемиілік толық жойылмаган. Жалпы педагогтердің диплом бойынша мамандықтары атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.</p> <p>2017-2021 жылдар аралығындағы педагогтар туралы мәліметтер бойынша педагогтардың сапалық құрамының өсу динамикасы байқалады.</p> <p>Педагогтардың біліктілікті арттыру курсынан өтіп, өз білімдерін жетілдірген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ 2017ж- 3 педагог;</li> <li>✓ 2018ж- 2 педагог;</li> <li>✓ 2019ж- 5 педагог;</li> <li>✓ 2020ж- 4 педагог;</li> <li>✓ 2021ж- 2 педагог.</li> </ul>
	<p><b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» N 338 Бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020 № 169 бұйрығымен өзгерістер болған) бекітілген 1-көсімша 2-тарау, 4-параграф 20-тармағының талабына 2 педагогтың (Бондаренко Г., Курманбаева А) сәйкес келмейді.</p>
11.1)	<p><b>Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:</b></p> <p><b>МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет қөлемін игеру.</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> ұсынылған әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарына талдау жасалды.</p> <p>Ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарында білім беру салалары, оқу қызметінің атауы, жас ерекшелігі, топ атауы көрсетілген.</p> <p>«Денсаулық» білім беру саласы бойынша «Дене шынықтыру» ҰОҚ өткізді. Ұзақтылығы 7 минут. ҰОҚ барысында педагог балалардың зейінін өзіне аударып, балаларды ұйымдастыра алды.</p> <p>«Шығармашылық» білім саласы бойынша «Весенняя поляна» тақырыбында ҰОҚ өткізді, ұзақтығы 10 минут. Педагог тәрбиеленушілерге қабілеттері, біліктері дағдыларын дамытуға</p>

бағытталған ойын тапсырмалар беріп, балалардың қызығушылығына ие бола алды.. Ұсынылған демонстрациялық көрнекіліктер тақырыпқа сәйкес келеді. Қорытынды жасалды.

«Таным» білім саласы, «Сенсорика» бөлімі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілген. Бейнематериалдың мазмұны бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде «Жаратылыстану» бөлімінде «Табиғат құбылыстар» бөлімі тақырыбы сабак жүргізілген. ҰОҚ барысында педагог сергіту сәтін, балалармен сұрақ жауап жүргізген, педагог жетекшілігімен ойын ұйымдастырылған. Ұзақтығы 10 минут.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша «Көркем әдебиет» бөлімінен «Бауырсақ» ертегісі тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметіне ұсынылған демонстрациялық көрнекіліктер тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған. Тәрбиеші өз әдісімен балаларды қызықтыра білді. Тақырыпты ашу мақсатында тәрбиеленушілерге жетелеуші сұрақтар қойылып отырды, кері байланыс байқалды. ҰОҚ ұзақтығы 10 минут.

«Қатынас» білім беру саласы «Тіл дамыту» бөлімі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің дидактикалық қамтылуы, көрнекіліктер, үлестірмелі материалы нәтижеге бағытталған. Жеке және топпен орындайтын тапсырмалар арқылы тәрбиеленушілердің белсенділігін арттырып, ынтастын күшетуге, қорытындылауға мақсатталған. Ұзақтығы 10 минут.

Балабақша психологі Койбагарова Т.В балалармен жүргізген ойын әрекеттерінің бейнематериалы ұсынылған. Топпен командалық жұмыстары жүргізілген.

Оқу қызметін ұйымдастыруда педагогтер негізгі қағидаларды: ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіркітіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту ұстанған. Балаларды өзара іс-қимылды арқылы, дербес, сын тұрғысынан ойлауға, ізденіске бағыттауда жағдай жасалған. Балалардың тілін дамытуға бағытталған әдіс тәсілдерді жүйелі қолдануды, 4 К моделін барлық ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №604 бүйрүғына(ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бүйрүғымен өзгерістер болған) 1 қосымшасының 4-тaraу 16-тармағының талабына сәйкес келеді.

#### Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

12.2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік

	<b>оку бағдарламасын менгеру мерзімдерін сақтау.</b>
	<p><b>Талдау нәтижелері:</b> Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы жүргізіліп, тізімделген. Балалардың қозғалыс кітабында тәрбиеленушілерді қабылдау уақыты жазылған. Балаларды қабылдау және шығару туралы бүйрық уақытыны толтырылған. Дәлелдеме құжаттары ұсынылған.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №604 бүйрығының 5-тaraуы 21-тармағына сәйкес 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің ұлгілік оку бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі – 5 (6) жыл деп көрсетілген. Алайда, «Шұғыла» бөбекжай-бақшасының қызметінің мәні Ережесіне сәйкес бір жастан үш жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, бағу, күту болып табылады.</p>
	<p><b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b> Оқу жылдары бойынша оқу бағдарламасын менгеру мерзімдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №604 бүйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бүйрығымен өзгерістер болған) 1-қосымшасының 5-тaraуы 22 тармағына сәйкес келеді.</p>

**ҚАЙТА ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының мекемесінде бұзушылықтар жойылған, білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.

#### Әдістемелік ұсынымдар:

- 2 тәрбиешінің (Бондаренко Г., Курманбаева А.) атқарып жүрген қызметі негізінде мамандығын тиісті бейіні бойынша сәйкестендіру жұмыстарын жүргізу.

#### Мемлекеттік атtestаттау нәтижесі:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай комиссиясының 2022 жылғы 3 мамырдағы хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік атtestаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мемлекеттік мекемесі «Атtestатталды».

«03» мамыр 2022 жылғы комиссияның №47 хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы

Е.Е.Куртеков

Комиссия мүшелері

Р.А.Бердимуратова  
Г.Е.Кусаинова  
Р.Ж.Тлеуова  
Ж.Д.Шегембаева